

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы № 17 ХАБАРЛАМА

Астана қаласы

25 қараша 2024 ж.

Сатып алуды ұйымдастырушы Астана қаласының әкімдігі ШЖҚ «№5 қалалық емхана» МКК, Астана қаласы, Ақан Сери көшесі, 20, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жүргізу туралы жариялайды.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу туралы ақпарат (атауы, қысқаша сипаты, сатып алу көлемі және сатып алу үшін бөлінген сомасы) осы хабарландыруға №1 қосымшада көрсетілген.

Жеткізу мерзімі және шарттары – осы хабарландыруға №1 қосымшада көрсетілген. Нақты жеткізілген тауар үшін ақы төлеу беру-қабылдау актісіне Тапсырыс беруші қол қойған және Өнім беру есеп-фактурасын ұсынған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Тапсырыс берушімен жүргізіледі.

Әлеуетті Өнім берушілердің жапсырылған конверттерге салынған баға ұсыныстары Астана қ., Ақан Сери көшесі, 20, 4-қабат, Мемлекеттік сатып алу бөлімі, 414 кабинет мекенжайы бойынша, 26.11.2024 жылы сағат 11:00 бастап 03.12.2024 жылы сағат 11:00 дейін (жұмыс тәртібі сағат 09:00 бастап 18:00 дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліс 13:00 бастап 14:00 дейін) ұсынылады.

Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары көрсетілген конверттерді ашу 03.12.2024 жылы сағат 11:15 де Астана қ. Ақан Сери көшесі, 20, 4-қабат, 418 кабинетте ашылады.

Әлеуетті өнім берушілер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін берілген баға ұсыныстарын кері қайтарып алуға құқылы.

Әлеуетті өнім берушімен ұсынылған баға ұсынысы хабарландырумен, сатып алу туралы шарт жобасымен, сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігімен көзделген сұрату шарттарына сәйкес, оның тауарды жеткізуді жүзеге асыруға берген келісімінің нысаны болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші сатып алуға қатысу үшін 1 (бір) баға ұсынысын конвертпен жапсырылған күйде ұсынады, ол мынадай құжаттарды қамтиды:

1. Хабарландыруға қоса берілген қосымшаға сәйкес, нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің мөрімен (бар болса) таңбаланған және қол қойылған баға ұсыныс. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысына жеткізумен байланысты барлық шығындар, оның ішінде салықтар кіреді;
2. Лицензиялау немесе рұқсат рәсімдері арқылы рұқсат органдарымен жүзеге асырылатын әрекеттерді (операцияларды) іске асыру арналған жеке немесе заңды тұлғаның құқығын растайтын рұқсат;
3. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» утв. ҚР ДСМ 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығының (бұдан әрі - №110 бұйрық) 11-тармағында белгіленген талаптарға ұсынылатын тауарлардың сәйкестігін растайтын құжаттар.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруға (бұдан әрі-хабарлама) сатып алынатын дәрі-дәрмектер және медициналық бұйымдар (хабарламаға №1 Қосымша), баға ұсынысының нысаны (хабарламаға №2 Қосымша) тізімі қоса беріледі және осы хабарландырудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Баға ұсыныстары көрсетілген жапсырылған конверттің беттік жағында әлеуетті өнім беруші: 1) әлеуетті өнім берушінің атауын, орналасқан мекенжайын, байланыс телефонын, электрондық мекенжайын; 2) сатып алуды ұйымдастырушының атауын, орналасқан мекенжайын; 3) қатысу үшін әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы ұсынылатын тауарларды сатып алу атауын көрсетеді.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін және/немесе хабарландырудың №110 бұйрығының 3-тарауының талаптарын бұза отырып ұсынылған баға ұсынысы бар Конверт әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды сатып алу қорытындысын бекіту туралы шешім сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсында оны бекіткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жарияланады. (www.gp5-astana.kz).

Сатып алуды ұйымдастыруға уәкілетті өкіл: Исраилова С.Ш., юрист, 8 701 501-17-47

Директор

Табулдина А.Ж.